

**Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомольский ауылдық округінің Комсомольское ауылындағы "Кашин А.В. и К" қарапайым серіктестік түріндегі фермер шаруашылығы аумағында жылқылардың ринопневмониясы бойынша шектеу іс-шараларын алып тастау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомольский ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 2 қыркүйектегі N 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте N 3895 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі заңының 10-1 бабының 8-тармағына сәйкес, "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомольское ауылында орналасқан "Кашин А.В. и К" қарапайым серіктестік түріндегі фермер шаруашылығына тиесілі учаскеде жылқылардың ринопневмониясы бойынша шектеу іс-шараларын алып тастау туралы" Тимирязев ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 11 шілдедегі № 15-12/138 ұсынуы негізінде округ әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомольский ауылдық округінің Комсомольское ауылындағы "Кашин А.В. и К" қарапайым серіктестік түріндегі фермер шаруашылығы аумағында жылқылардың ринопневмониясы бойынша шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомольский ауылдық округінің Комсомольское ауылындағы "Кашин А.В. и К" қарапайым серіктестік түріндегі фермер шаруашылығы аумағында шектеу енгізе отырып ветеринариялық режимді белгілеу туралы" Комсомольский ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 4 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3673 тіркелген, "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2016 жылғы 5 сәуірде жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 11 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Ауылдық округтің әкімі*

*Т. Байдалин*